ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ № 5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019, Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі №10, Тел.факс: 8 (7242) 27 63 83
Электрондық почта: 5_Litsey@mail.kz

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120019, город Кызылорда, улица Е.Ауелбекова №10,
Тел.факс: 8 (7242) 27 63 83
Электронная почта: 5_mektep@mail.ru

БҰЙРЫҚ
31.08.2026 ж № 106
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ
№_____
город Кызылорда

«Зерде» ғылыми қоғамын құру туралы

Білім алушылардың ғылымға, ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарға қызығушылығын арттыру, оқу пәндері бойынша білімдерін тереңдету, зерттеушілік, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту, өздігінен іздену, талдау, тәжірибе жүргізу және зерттеу нәтижелерін ұсыну дағдыларын қалыптастыру, білім алушылардың ғылыми жобалар конкурстарына қатысуына жағдай жасау мақсатында, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026–2027 оқу жылында білім алушылардың ғылыми-зерттеу, шығармашылық және тәжірибелік жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру мақсатында білім беру ұйымында «Зерде» ғылыми қоғамы құрылсын.
2. «Зерде» ғылыми қоғамының негізгі мақсаты білім алушылардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту, ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, оқу пәндеріне деген қызығушылығын арттыру және ғылыми жобалармен жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастыру болып айқындалсын.
3. «Зерде» ғылыми қоғамының жұмысы мынадай 2 бағыт бойынша ұйымдастырылсын:

1. жаратылыстану-биологиялық бағыт;
2. қоғамдық-гуманитарлық бағыт;

4. «Зерде» ғылыми қоғамының жетекшісі Т.Тастаева:

1. ғылыми қоғамның жұмысын ұйымдастыруды;
2. ғылыми қоғам мүшелерінің құрамын қалыптастыруды;
3. білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарын таңдауға әдістемелік көмек көрсетуді;
4. зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін айқындауға бағыт беруді;
5. ғылыми жоба мен шығармашылық жұмыстарды орындау барысында білім алушыларға кеңес беруді;
6. ғылыми қоғам отырыстарын бекітілген жоспарға сәйкес өткізуді;
7. білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысын бақылауды;

8. ғылыми жобаларды рәсімдеу және қорғауға дайындау жұмыстарын ұйымдастыруды;
9. білім алушылардың мектепішілік, қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі ғылыми жобалар конкурстарына қатысуын ұйымдастыруды;
10. ғылыми қоғам жұмысының нәтижелерін талдауды және қорытындылауды;
11. оқу жылының соңында ғылыми қоғамның жұмысы туралы қорытынды есеп дайындау қамтамасыз етілсін.

5. «Зерде» ғылыми қоғамының мүшелері мен ғылыми жетекшілерінің құрамы осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

6. «Зерде» ғылыми қоғамының 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

7. Ғылыми қоғам жұмысына қатысатын білім алушылардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарын орындау кезінде академиялық адалдық қағидаттарын, авторлық құқық талаптарын және қауіпсіздік ережелерін сақтау қамтамасыз етілсін.

8. «Зерде» ғылыми қоғамының жұмысы білім беру ұйымының 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен үйлестіріліп жүргізілсін.

9. Ғылыми қоғам жұмысының нәтижелері бойынша үздік ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстар анықталып, тиісті деңгейдегі ғылыми жобалар конкурстарына қатысуға ұсынылсын.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың бейінді оқыту орынбасары Т.Тастаеваға жүктелсін.

Негізі:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы «Білім туралы»
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығы
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 07.12.2011 жылғы №514 бұйрығы
4. «Зерде» ғылыми қоғамын құру және оның жұмысын ұйымдастыру туралы педагогикалық кеңестің шешімі хаттама №1 31.08.2026ж

Мектеп-лицей директоры **Б.Дуйсенбаев**

«Зерде» ғылыми қоғамын құру туралы» 2026 жылғы «31» **тамыз №106** бұйрығына

1-қосымша

«Зерде» ғылыми қоғамының құрамы

№	Білім алушының аты-жөні	Сыныбы	секциясы	Ғылыми жетекшісі
1	Жеткербай Айболат	11Б	Физика	Рахымжанова Гаухар Кішкенбайқызы - физика пәні мұғалімі, Ғылыми жетекшісі: Калыбаева Ақмарал Құнанбайқызы Қорқыт ата тындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы техника ғылымдарының кандидаты
2	Қозыбақова Гүлназым	11Б	Физика	Рахымжанова Гаухар Кішкенбайқызы - физика пәні мұғалімі, Ғылыми жетекшісі: Калыбаева Ақмарал Құнанбайқызы Қорқыт ата тындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы техника ғылымдарының кандидаты
3	Саламат Аружан	11Б	Жер және ғарыш туралы ғылым. Астрономия	Бахуадин Аймереке Бахуадинқызы - физика пәні мұғалімі, Ғылыми жетекшісі: Еңсебаева Гүлзат Мұратбекқызы, PhD докторы, Қорқыт Ата атындағы ҚУ – нің Физика және математика білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы
4	Амербекова Малика	11В	Математика. Қолданбалы математика	Изтелеуова Айгерим Нурлановна - математика пәні мұғалімі, Ғылыми жетекшісі: Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің PhD, "Физика және математика" кафедрасының аға оқытушысы
5	Суровикина Арина	11В	Математика. Қолданбалы математика	Изтелеуова Айгерим Нурлановна - математика пәні мұғалімі, Ғылыми жетекшісі: Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің PhD, "Физика және математика" кафедрасының аға оқытушысы
6	Жаңбырбай Ғалымбек	10Б	экономика және қаржы	Жанбосынова Аида Самыратқызы - математика пәні мұғалімі, Ғылыми жетекшісі: Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің PhD, "Физика және математика" кафедрасының аға оқытушысы

№	Білім алушының аты-жөні	Сыныбы	секциясы	Ғылыми жетекшісі
7	Алмас Гүлжанат	9В	ақпараттық жүйелер мен технологиялар. Есептеу нейроғылымы	Басығараева Әсем Қайратқызы - информатика пәні мұғалімі, Ғылыми жетекшісі: Б.Жарменова «Информатика және АКТ" ББББ-ның аға оқытушысы, PhD
8	Ким Ольга	11Г	география және туризм	Садыкова Кулзада Уристемовна - география пәні мұғалімі Ғылыми жетекшісі: Айдаров Оразхан Тұрсынқожаұлы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ББ аға оқытушысы, биология, химия, география пәнінің кандидаты
9	Вахидова Севиля	10Д	химия. Қоршаған орта химиясы	Рахимбекова Загира Тельжановна - химия пәні мұғалімі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Жаратылыстану институты Биология, география және химия ББББ аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты
10	Қуантқан Айбибі	10Д	химия. Қоршаған орта химиясы	Рахимбекова Загира Тельжановна - химия пәні мұғалімі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Жаратылыстану институты Биология, география және химия ББББ аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты
11	Мингазова Анэля	11Г	Биология және өмір туралы ғылымдар. Биохимия	Ахмедова Анна Дмитриевна - биология пәні мұғалімі, Ғылыми жетекшісі: Косанов Самалбек Уразбаевич А. Бөкейхан атындағы Қазақ орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Қызылорда филиалының директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.
12	Қозыбақова Маржан	10Б	тіл білімі (қазақ тілі)	Сақтағанова Аққенже Тампышқызы - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Ғылыми жетекшісі: Жүзеев Серікхан, PHD Қорқыт Ата университетінің қазақ тілі мен әдебиет пән оқытушысы, педагогика ғылымының магистрі
13	Ысқақ Елжас	10Б	әдебиет (қазақ)	Ақбергенова Жанар Жақсылыққызы - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Ғылыми жетекшісі: Нұрсұлтанқызы

№	Білім алушының аты-жөні	Сыныбы	секциясы	Ғылыми жетекшісі
				Жазира Болашақ университеті филология ғылымдарының кандидаты
14	Степанова Софья	10Д	тіл білімі (орыс тілі)	Фазылова Жамила Сарсенбаевна - орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Ғылыми жетекшісі: Тайбекова Лаура Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің "Орыс тілі және әдебиеті" білім беру бағдарламасының аға оқытушысы
15	Сандыбаева Камиля	11Г	әдебиет (орыс)	Кузембаева Роза Асылбековна - орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Ғылыми жетекшісі: Досмаганбетов Болат Тлепбергенович, рецензент, филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің "Орыс тілі және әдебиеті" білім беру бағдарламасының аға оқытушысы
16	Садық Роза	10Б	Тарих. Адам және қоғам	Тажмаганбетов Бахытжан Ануарович - тарих пәні мұғалімі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессор м.а., тарих ғылымдарының докторы Сәтбай Тастанбек Яхияұлы

«Зерде» ғылыми қоғамын құру туралы» 2026 жылғы «31» тамыздағы №106 бұйрығына

2-қосымша

«Зерде» ғылыми қоғамының 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже
1	«Зерде» ғылыми қоғамының құрамын анықтау және бекіту	Қыркүйек	Т.Тастаева	Қоғам құрамы бекітіледі
2	Ғылыми қоғам мүшелеріне ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттарын таныстыру	Қыркүйек	Т.Тастаева	Бағыттар анықталады
3	Ғылыми жобалардың тақырыптарын таңдау	Қыркүйек	Ғылыми жетекшілер	Зерттеу тақырыптары бекітіледі
4	Зерттеу мақсаты, міндеті, болжамы және әдістерін анықтау	Қыркүйек–қазан	Ғылыми жетекшілер	Зерттеу жоспары жасалады
5	Ғылыми әдебиеттер мен ақпарат көздерін жинақтау	Қазан	Ғылыми жетекшілер, білім алушылар	Ақпараттық база қалыптасады
6	Зерттеу, тәжірибе және бақылау жұмыстарын жүргізу	Қазан–желтоқсан	Ғылыми жетекшілер	Зерттеу материалдары жиналады
7	Ғылыми жобалардың орындалу барысын бақылау	Қараша	Т.Тастаева	Жобалардың орындалуы бақыланады
8	Зерттеу нәтижелерін өңдеу және талдау	Қараша	Ғылыми жетекшілер	Нәтижелер жүйеленеді
9	Ғылыми жобаларды рәсімдеу бойынша кеңес беру	Қараша	Т.Тастаева	Жобалар талапқа сай рәсімделеді
10	Ғылыми жобаларды мектепішілік қорғауға дайындау	Қараша	Ғылыми жетекшілер	Білім алушылар қорғауға дайындалады
11	Қалалық ғылыми жобалар қорғауы	Желтоқсан–қаңтар		Үздік жобалар анықталады

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже
12	Ғылыми жобалар конкурстарына қатысу	Жыл бойы	Ғылыми жетекшілер	Білім алушылар конкурстарға қатысады
13	«Зерде» ғылыми қоғамының үздік жұмыстарын насихаттау	Жыл бойы	Т.Тастаева	Ғылыми жетістіктер насихатталады
14	Ғылыми қоғам жұмысының нәтижелерін қорытындылау	Мамыр	Т.Тастаева	Жылдық қорытынды жасалады
15	Ғылыми қоғамның жұмыс нәтижесі бойынша есеп дайындау	Мамыр	Т.Тастаева	Қорытынды есеп әзірленеді

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ № 5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019, Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі №10, Тел.факс: 8 (7242) 27 63 83
Электрондық почта: 5_Litsey@mail.kz

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120019, город Кызылорда, улица Е.Ауелбекова №10, Тел.факс: 8 (7242) 27 63 83
Электронная почта: 5_mektep@mail.ru

БҰЙРЫҚ
31.08.2026 ж № 107
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ
_____№_____
город Кызылорда

«Ізденіс» шығармашылық педагогтер тобын құру туралы

2026–2027 оқу жылында педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту, кәсіби құзыреттілігін арттыру, озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату, білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын» басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026–2027 оқу жылына мектеп-лицейдің оқу-әдістемелік жұмысын жетілдіру және шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді қолдау мақсатында «Ізденіс» шығармашылық педагогтер тобының жұмысы жандандырылсын.
2. «Ізденіс» шығармашылық педагогтер тобының құрамы осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. «Ізденіс» шығармашылық педагогтер тобының 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

1. шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасауды;
2. педагогтердің тиімді әдіс-тәсілдері мен озық тәжірибесін зерделеуді және жинақтауды;
3. педагогтердің шығармашылық ізденістерін қолдауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруды;
4. озық педагогикалық тәжірибені мектеп педагогтері арасында таратуды;
5. топтың жылдық жұмыс жоспарының орындалуын қамтамасыз етуді міндеттелсін.

4. «Ізденіс» шығармашылық педагогтер тобының мүшелері бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес іс-шараларға белсенді қатыстырылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың бейінді оқыту орынбасары Т.Тастаеваға жүктелсін.

Негізі: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында оқу-

әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары»; мектеп-лицейдің 2026–2027 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік жұмыс жоспары.

Мектеп-лицей директоры **Б.Дуйсенбаев**

31.08.2026 жылғы №107 бұйрығына

-1 қосымша-

2025-2026 оқу жылына **«Ізденіс»** озат шығармашылық педагогтардың құрамы төмендегідей құрылып, бекітілсін.

Мүшелері:

1	Зеленкова Татьяна	Орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
2	Кузембаева Роза	Орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
3	Фазылова Жамиля	Орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
4	Тажмағанбетов Бахытжан	Тарих пән мұғалімі
5	Аблаев Болат	Тарих пән мұғалімі
6	Ахметова Айгүл	Тарих пән мұғалімі
7	Садыкова Кулзада	География пән мұғалімі
8	Менлибаева Айгерим	Химия пәні мұғалімі
9	Ерболат Алтыншаш	География пән мұғалімі
10	Ахмедова Анна	Биология пәні мұғалімі
11	Сақтағанова Аққенже	Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
12	Кокилова Роза	Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
13	Миянова София	Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
14	Сырғабаева Айнұр	Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
15	Ақбергенова Жанар	Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
16	Беркінбай Салтанат	Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
17	Әбдрахманова Динара	Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
18	Оналбаева Айгул	Ағылшын тілі пән мұғалімі
19	Байкенжеева Лаура	Ағылшын тілі пән мұғалімі
20	Сейдилдаева Гүлзира	Ағылшын тілі пән мұғалімі
21	Палымбетова Жадыра	Технология пән мұғалімі
22	Жунисова Жанат	Технология пән мұғалімі
23	Жанбосынова Аида	Математика пән мұғалімі
24	Рахымжанова Гауһар	Физика пән мұғалімі
25	Сейдалиева Фариза	Физика пән мұғалімі
26	Махаева Дина	Математика пән мұғалімі
27	Әбілдаева Гүлнұр	Математика пән мұғалімі
28	Рашидінова Мереке	Бастауыш сынып мұғалімі
29	Көптілеу Гүлмира	Бастауыш сынып мұғалімі
30	Хасенова Аманкуль	Бастауыш сынып мұғалімі
31	Рахметова Айгул	Бастауыш сынып мұғалімі
32	Палмахова Канзира	Бастауыш сынып мұғалімі
33	Достаева Галина	Бастауыш сынып мұғалімі
34	Ахметханова Ирина	Бастауыш сынып мұғалімі
35	Ющенко Надежда	Бастауыш сынып мұғалімі
36	Айпейсова Нұрила	Бастауыш сынып мұғалімі
37	Сейткамалова Наталья	Бастауыш сынып мұғалімі
38	Канатбаева Анеш	Бастауыш сынып мұғалімі

39	Сейтпенбетова Бахыт	Бастауыш сынып мұғалімі
40	Сәрсенбай Арайлым	Информатика пәні мұғалімі
41	Досымова Камшат	Информатика пәні мұғалімі
42	Әбішева Ақерке	Информатика пәні мұғалімі

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ № 5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019, Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі №10, Тел.факс: 8 (7242) 27 63 83
Электрондық почта: 5_Litsey@mail.kz

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120019, город Кызылорда, улица Е.Ауелбекова №10
Тел.факс: 8 (7242) 27 63 83
Электронная почта: 5_mektep@mail.ru

БҰЙРЫҚ
31.08.2026 ж №109
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ
_____№_____
город Кызылорда

Әдістемелік бірлестік жетекшілерін бекіту туралы

2026–2027 оқу жылында мектеп-лицейдегі оқу-әдістемелік жұмысты жүйелі ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби қызметіне әдістемелік қолдау көрсету, пәндер бойынша оқу-әдістемелік жұмысты үйлестіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығымен бекітілген «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын» басшылыққа ала отырып,**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026–2027 оқу жылына мектеп-лицейдің әдістемелік бірлестіктерінің жетекшілері төмендегідей бекітілсін:
1. А.Кайранова – қазақ тілі мен әдебиеті пәндері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;
2. А.Саркеева – орыс тілі мен әдебиеті пәндері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;
3. С.Байменова – ағылшын тілі пәні әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;
4. Ж.Палымбетова – көркем еңбек, музыка пәндері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;
5. А.Жанбосынова – математика және физика пәндері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;
6. А. Әбішова – информатика пәні әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;
7. Ж. Дауренбекова – жаратылыстану пәндері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;
8. Е.Маханов – дене шынықтыру және алғашқы бастапқы әскери даярлық пәндері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;
9. А. Ахметова – тарих пәні әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;
10. М.Рашидінова – бастауыш сынып (қазақ бөлімі) мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі.

11. А.Әніс - бастауыш сынып (орыс бөлімі) мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі.
2. Әдістемелік бірлестік жетекшілеріне бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес әдістемелік бірлестіктің қызметін ұйымдастыру, педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету, озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және тарату міндеттелсін.
3. Әдістемелік бірлестік жетекшілері оқу жылының қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстарға талдау жасап, қорытынды есеп ұсынылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың бейінді оқыту орынбасары Т.Тастаеваға жүктелсін.

Негізі: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығымен бекітілген «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары»; мектеп-лицейдің 2026–2027 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік жұмыс жоспары.

Мектеп-лицей директоры **Б.Дуйсенбаев**

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ № 5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019, Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі №10, Тел.факс: 8 (7242) 27 63 83
Электрондық почта: 5_Litsey@mail.kz

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120019, город Кызылорда, улица Е.Ауелбекова №10,
Тел.факс: 8 (7242) 27 63 83
Электронная почта: 5_mektep@mail.ru

БҰЙРЫҚ
31.08.2026 ж № 108
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ
_____№_____
город Кызылорда

Әдістемелік кеңес құрамын бекіту туралы

2026–2027 оқу жылында мектеп-лицейдегі оқу-әдістемелік жұмысты тиімді ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби дамуына әдістемелік қолдау көрсету, оқу-әдістемелік жұмысты үйлестіру және әдістемелік қызметтің сапасын арттыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығымен бекітілген «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын» басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026–2027 оқу жылына арналған мектеп-лицейдің әдістемелік кеңесінің құрамы төмендегідей бекітілсін:

№	Аты-жөні	Лауазымы	Әдістемелік кеңестегі қызметі
1	Б.Дуйсенбаев	Мектеп-лицей директоры	Кеңес төрағасы
2	Т.Тастаева	Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары	Төраға орынбасары
3	А.Алиев	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Кеңес мүшесі
4	А.Жанбосынова	Әдістемелік бірлестік жетекшісі	Кеңес мүшесі
5	А.Кайранова	Әдістемелік бірлестік жетекшісі	Кеңес мүшесі
6	А.Әбішева	Әдістемелік бірлестік жетекшісі	Кеңес мүшесі
7	Ж.Дәуренбекова	Әдістемелік бірлестік жетекшісі	Кеңес мүшесі
8	К.Садыкова	География пәні мұғалімі	Кеңес мүшесі
9	Т.Зеленкова	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі	Кеңес мүшесі
10	А.Сарбаева	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Кеңес хатшысы

2. Әдістемелік кеңес мектеп-лицейдің 2026–2027 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жүргізілсін.
3. Әдістемелік кеңеске:
   - оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарын қарастыру;
   - әдістемелік бірлестіктердің жұмысын үйлестіру;
   - педагогтердің кәсіби дамуына әдістемелік қолдау көрсету;
   - озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және тарату;
   - оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелерін талдау және жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу міндеттері жүктелсін.
4. Әдістемелік кеңестің отырыстары бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізілсін және қабылданған шешімдер хаттамамен рәсімделсін.
5. Әдістемелік кеңестің хатшысы кеңес отырыстарының хаттамаларын жүргізіп, құжаттардың белгіленген тәртіппен сақталуын қамтамасыз етсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың бейінді оқыту орынбасары Т.Тастаеваға жүктелсін.

Негізі: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығымен бекітілген «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары»; мектеп-лицейдің 2026–2027 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік жұмыс жоспары.

Мектеп-лицей директоры **Б.Дуйсенбаев**

«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры Б.Дуйсенбаев

Педагогикалық кеңес отырысында бекітілді
№1 хаттама 31.08.2026ж.

Пән мұғалімдерінің мектептік әдістемелік бірлестігі туралы ереже

I. Жалпы ережелер

1.1. Әдістемелік бірлестік бір немесе бірнеше ұқсас оқу пәндері бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, тәжірибелік-эксперименттік және сыныптан тыс жұмыстарды жүргізуді жүзеге асыратын білім беру ұйымының әдістемелік қызметінің негізгі құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.2. Әдістемелік бірлестік бір пән бойынша немесе бір білім беру саласы бойынша кемінде екі мұғалім болған кезде ұйымдастырылады. Әдістемелік бірлестіктің құрамына сабақтас және ұқсас пәндер мұғалімдері кіруі мүмкін. Білім беру ұйымдарында сынып жетекшілерінің және т.б. әдістемелік бірлестіктері құрылуы мүмкін.

1.3. Әдістемелік бірлестіктердің саны мен олардың мүшелерінің саны мектептің алдына қойылған міндеттерді кешенді шешу қажеттілігіне қарай айқындалады және білім беру ұйымы директорының бұйрығымен бекітіледі.

1.4. Әдістемелік бірлестіктерді директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарының ұсынуы бойынша директор құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

1.5. Әдістемелік бірлестіктер тікелей директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.6. Әдістемелік бірлестік өз қызметінде ҚР Конституциясын және Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Білім беру және оқушыларды тәрбиелеу мәселелері бойынша барлық деңгейдегі білім беруді басқару органдарының шешімдерін, сондай-ақ мектептің Жарғысы мен жергілікті құқықтық актілерін, директордың бұйрықтары мен өкімдерін басшылыққа алады.

II. Әдістемелік бірлестік қызметінің міндеттері мен бағыттары

Әдістемелік бірлестік білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі ретінде оқу орнына жүктелген міндеттердің белгілі бір бөлігін шешу үшін құрылады. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы педагогтердің кәсіби әлеуетін тиімді пайдалану мен дамытуға, тиісті оқу пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша олардың күш-жігерін біріктіруге және үйлестіруге және осының негізінде білім беру үдерісін жақсартуға бағытталған.

Әдістемелік бірлестік

- оқушылардың оқу мүмкіндіктерін, білім беру үдерісінің нәтижелерін, оның ішінде пән бойын- ша оқудан тыс жұмыстарды талдайды;
- оқу үдерісін қажетті бағдарламалық-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді;
- пән мұғалімдеріне нақты әдістемелік көмек көрсетуді жоспарлайды;
- әдістемелік семинарлардың және әдістемелік жұмыстың басқа да нысандарының жұмысын ұйымдастырады;
- пән кабинеттерін жабдықтауды талдайды және жоспарлайды;
- оқушыларды аралық аттестаттауға арналған материалдарды келіседі;
- оқу курстарының мазмұны мен ең аз көлеміне, оқушылардың оқу нәтижелеріне қойылатын талаптарды (қажет болған жағдайда) келіседі;
- оқу бағдарламасына оқытушылар енгізген өзгерістерге алғашқы сараптама жүргізеді;
- оқу пәндерін оқыту тәжірибесін зерделейді және жинақтайды;
- пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырады;

- мұғалімдерге көмек ретінде әдістемелік ұсынымдар дайындау туралы шешім қабылдайды;
- тиісті пәндер мен курстарды жақсы меңгеру, оқу еңбегінің мәдениетін арттыру мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарына арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуді ұйымдастырады;
- мұғалімдерге біліктілікті арттырудың әртүрлі түрлерін ұсынады;
- жас мамандармен және тәжірибесі аз мұғалімдермен тәлімгерлер жұмысын ұйымдастырады;
- конкурстар, олимпиадалар, пәндік апталар (айлықтар) туралы ережелерді әзірлейді және олардың өткізілуін ұйымдастырады.

III. Әдістемелік бірлестік жұмысының негізгі түрлері

3.1. Оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесі мәселелері бойынша педагогикалық эксперименттер жүргізу және олардың нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу.

3.2. «Дөңгелек үстелдер», оқу-әдістемелік мәселелер бойынша кеңестер мен семинарлар, мұғалімдердің шығармашылық есептері және т. б.

3.3. Оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесі мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктердің отырыстары.

3.4. Пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар.

3.5. Оқыту және тәрбиелеу әдістемесі, жалпы педагогика және психология мәселелері бойынша дәрістер, баяндамалар, хабарламалар мен пікірталастар.

3.6. Оқу-тәрбие үдерісінде нормативтік құжаттардың, озық педагогикалық тәжірибенің талаптарын зерделеу және іске асыру.

3.7. Пәндік апталар мен әдістемелік күндерді өткізу.

3.8. Сабақтарға өзара қатысу.

IV. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс тәртібі

4.1. Әдістемелік бірлестікті әдістемелік бірлестік мүшелерінің келісімі бойынша неғұрлым тәжірибелі педагогтер қатарынан мектеп директоры тағайындайтын басшы басқарады.

4.2. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Жоспарды әдістемелік бірлестіктің төрағасы жасайды, әдістемелік бірлестіктің отырысында қаралады, директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарымен келісіледі және мектептің әдістемелік кеңесі бекітеді.

4.3. Әдістемелік бірлестіктің отырыстары кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі. Әдістемелік бірлестіктің төрағасы отырысты өткізу уақыты мен орны туралы мектеп директорының ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарына хабарлауға міндетті.

4.4. Отырыста талқыланатын мәселелердің әрқайсысы бойынша ұсынымдар қабылданады, олар хаттамалар журналында тіркеледі. Ұсынымдарға әдістемелік бірлестіктің төрағасы қол қояды.

4.5. Басқа әдістемелік бірлестіктердің тақырыптарын немесе мүдделерін қозғайтын мәселелерді қарау кезінде отырысқа олардың төрағаларын (мұғалімдерін) шақыру қажет.

4.6. ӘБ қызметін бақылауды мектеп директоры, оның ғылыми-әдістемелік, оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары мектептің әдістемелік жұмыс және мектепішілік бақылау жоспарларына сәйкес жүзеге асырады.

V. Әдістемелік бірлестіктің құжаттамасы

- Әдістемелік бірлестік туралы ереже.
- ӘБ мұғалімдері туралы мәліметтер банкі: сандық және сапалық құрамы (жасы, білімі, мамандығы, оқытатын пәні, жалпы және педагогикалық өтілі, біліктілік санаты, марапаттары, атағы, үй телефоны).
- Өткен жылғы жұмысты талдау.
- Ағымдағы оқу жылына арналған ӘБ міндеттері.
- Әдістемелік жұмыстың тақырыбы, оның мақсаты, жаңа оқу жылының басым бағыттары мен міндеттері.
- Ағымдағы оқу жылына арналған ӘБ жұмыс жоспары.

- Әрбір айға арналған ӘБ жұмыс жоспарлары.
- ӘБ мұғалімдерінің өздігінен білім алу тақырыптары туралы мәліметтер.
- ӘБ мұғалімдерін аттестаттаудың перспективалық жоспары.
- ӘБ мұғалімдерінің ағымдағы жылға арналған аттестаттаудан өту кестесі.
- ӘБ мұғалімдерінің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары.
- Ағымдағы жылға арналған ӘБ мұғалімдерінің біліктілігін арттыру кестесі.
- БЖБ және ТЖБ өткізу кестесі. Мақсаты: оқушылардың шамадан тыс жүктелуінің алдын алу – күніне бір бақылау жұмысынан артық емес.
- ӘБ мұғалімдерінің пән бойынша ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды өткізу кестесі (мектеп директоры бекітеді).
- ӘБ кәсіби тәжірибесінің мекенжайлары.
- ӘБ мұғалімдерінің кәсіби қажеттіліктері туралы мәліметтер (диагностика қорытындысы бойынша).
- Әдістемелік апталықты өткізу жоспары.
- Бағдарламалар (пән бойынша авторлық, факультативтер, үйірмелер).
- Оқу бағдарламалары және олардың пән бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі туралы ақпарат.
- Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау (пән бойынша, жеке, факультативтік сабақтар, пән бойынша үйірмелер бойынша).
- ӘБ-ға жаңадан келген және жас мамандармен жұмыс жоспары.
- Пән апталығын өткізу жоспары.
- Мектепішілік бақылау нәтижелері (экспресс, ақпараттық және аналитикалық анықтамалар), диагностика.
- ӘБ отырыстарының хаттамалары.

VI. Әдістемелік бірлестіктің құқықтары

Әдістемелік бірлестіктің

- біліктілікті арттыру үшін мұғалімдерді ұсыну және ұсыныстар дайындауға;
- мектептегі оқу үдерін жақсарту туралы ұсыныстар жасауға;
- әдістемелік бірлестікте жинақталған озық педагогикалық тәжірибе туралы материалдарды жариялау туралы мәселе қоюға;
- мектеп әкімшілігінің алдына әдістемелік бірлестіктің мұғалімдерін эксперименттік қызметке белсенді қатысқаны үшін ынталандыру туралы мәселе қоюға;
- мұғалімдерге біліктілікті арттырудың әртүрлі нысандарын ұсынуға;
- оқу қызметі және оқушыларды тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес алу үшін мектеп директорының орынбасарларына жүгінуге;
- мұғалімдерді аттестаттауды ұйымдастыру және мазмұны бойынша ұсыныстар енгізуге;
- «Үздік педагог» конкурсына қатысу үшін мұғалімдерді әдістемелік бірлестіктен ұсынуға құқығы бар.